

УДК37.025.7

### **ЖАҢАША ОҚЫТУ-ЗАМАН ТАЛАБЫ**

***Шолпанбаева Ғ.Ә.***

*аға оқытушы, ҚМПИ, Қостанай қ.,  
Қазақстан Республикасы*

***Гайдрик Р.В.,***

*1 курс студенті, ҚМПИ, Қостанай қ.,  
Қазақстан Республикасы*

#### ***Аннотация***

*Бұл мақалада жаңаша оқыту-заман талабы тақырыбы жайында айтылады. Сыни тұрғыдан ойлай алатын оқушы тәрбиелеу үшін сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуына күш салуға бағыттайды. Сыни тұрғыдан ойлай алатын оқушы тәрбиелеу үшін сыни ойлайтын мұғалім*

қалыптастыру қажет. Мұғалім заман талабына сай болуы үшін қоғам мұғалімнен үнемі ізденуді, білімін жетілдіруді, жан – жақты, білікті болуды талап етеді. Қашанда бала қызығушылығын оятып, танымын кеңейту үшін модуль түрлерін тиімді әдіс-тәсілдер арқылы қолдануды болашақта үнемі басшылыққа алатын болады.

#### **Аннотация**

*Эта статья рассказывает о новой теме тренинга. Для развития критического мышления студентов важны - виды разработанных систем, развитие компетенции, в которой студент проявлял усилия. Для развития у студентов критического мышления, учителю необходимо развить свое собственное критическое мышление. Учителю в современном обществе должен быть квалифицирован, должен осуществлять постоянный поиск новых знаний, улучшать их. Необходимо использовать эффективные методы обучения, чтобы побуждать студента к работе.*

#### **Abstract**

*This article tells about the new topic of the training. For the development of critical thinking of students are important- types developed systems, the development of competence in which students show effort. To develop the students' critical thinking, the teacher will need to develop their own critical thinking. Teacher in modern society is to be qualified should carry out a constant search for new knowledge, to improve them. You must use effective teaching methods to encourage students to work.*

**Түйінді сөздер:** Кері байланыс, ойлау, сын тұрғысынан ойлау, өзін-өзі бағалау алу, формативті және суммативті бағалау.

**Ключевые слова:** Обратная связь, мышление, критическое мышление, самооценка, формирующая и итоговая оценка.

**Key words:** The feedback, thinking, critical thinking, self-assessment, formative and final evaluation.

## **1. Кіріспе**

Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсіл кең тараған. (Hattie, 2009) (Мұғалімге арналған нұсқаулық, 4 - бет). Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім. «Мұғалімге арналған нұсқаулықтан» оқып, білген осы анықтама бізге көп ой салды. Шындығында да осы үшінші деңгейлі үш айлық курсқа келіп, мұғалімнің барлық жұмысының жүйесін, мақсатын түсінгендей болдық.

Сыни тұрғыдан ойлай алатын оқушы тәрбиелеу мақсаты - сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушының қалыптасуына күш салуға бағыттайды. Сыни тұрғыдан ойлай алатын оқушы тәрбиелеу үшін сыни ойлайтын мұғалім қалыптастыру қажет. Міне, үш деңгейлі үш айлық курстардың идеясы осы екендігіне көзіміз жетті. Қалыптасып қалған «дәстүрлі» стильге жаңалық енгізу. Мұғалім заман талабына сай болуы үшін қоғам мұғалімнен үнемі ізденуді, білімін жетілдіруді, жан – жақты, білікті болуды талап етеді. Осы талапты өзімізге қоя отырып сындарлы оқыту теориясының «Бірінші бетпе – бет» кезеңіне тыңдаушы ретінде қабылдандым. Мен курс барысында өзіме тиімді жаңа әдіс – тәсілдерді үйрене білдім. Бұл менің өзгерісімнің бірі деп есептеймін. Үйренгенімді «мектеп тәжірибесі» кезінде тиімді қолдануға тырыстым. Ең әуелі мен өзімнің курс барысында тыңдаушы болған кезді есіме алдым. Біз онда облыстың әр түкпірінен келген, бір – бірін мүлде танымайтын тыңдаушылар мәселені өзіміз талқылып, пікірлесу арқылы жұмыс жасадық. Білімді өздігімізден ақылдаса отырып, талдай отырып игеру ұнады. Сол сияқты оқушыларға да дәл сондай мүмкіндік беруге тырыстық. Ең бастысы оларға өз қалауларымен еңбектерін қолдану ұнады. Тізбектелген сабаққа кіріспес бұрын ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырып, топқа бөлінудің маңыздылығын түсіндірдік. Мақсат, міндет-

терін өздері айқындаған сабақ өту барысында, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырған сабақ кезінде топтық жұмыс жасай отырып, өздіктерінен жұмыс жасаудың ерекшелігін айта отырып, топ ережесін құруды ұсындық. Өзара келісе отырып, топ ережесін құрып, әр сабақта осы ережеге бағыну керектігін ескертіп, баса айттық. Топқа бөліну үшін парталардың ерекше етіп қойылуының өзі оқушыларға әсер ете бастады.

## **2. Материалдар мен әдістер**

Оқушылардың біз ұсынған жаттығулар мен әдіс – тәсілдерден өзгеше әсер алғаны бізге қуат бергендей. Әр сабақта топқа бөлінудің әр түрлі тәсілдерін тақырыптың мазмұнына сай етіп қолданып отырдық. «Біздің ауыл» сабағында ауыл суреттері арқылы топқа бөлінген кезде, оқушылардың ауыл туралы не білетінін білдік, «Отан» сабағында «Мақалды тап» жаттығуы арқылы Отан туралы мақалды құрастырып, сол мақалдың мағынасын ашу кезінде сын тұрғысынан ойлана отырып, әр сөздің мағынасы болатынын, сол мағынаға үңіле білуге үйреттік деп ойлаймыз. Ойын сияқты ұйымдастырылған тапсырмалар бастауыш сынып оқушылары үшін алға жетелеуші, ынталандырушы құрал екендігін түсіндік.

Сонымен қатар «Кері байланыстың» оқушы мен мұғалімге тигізетін әсерлерін атап өттік. Әділ бағалаудың маңызын түсіндіріп, өзім де олардың әрбір іс – әрекетін қолдап, мадақтап, бағалап отырдым. Оқушылар мұғалім тарапынан қолдауды қуана қабылдап, барынша сабаққа белсенді қатысумен болды. С деңгейлі оқушылардың өзгеше өзгерісі бізді де қуантты. Оларды күннен күнге қызықтыруға бел будық. «Жарайсың, сен өте жақсы айттың, жалғастырып айтып көр», «Сен өзгеше ойлайсың», «Сенің қолыңнан келетінін білгенмін» сынды сөздердің оқушыны алға жетелейтініне көз жеткіздік. Оқушыға мейірім мен қолдаудың жеткілікті екендігін үнемі сездіріп отырсақ, үлкен нәтиже беретінін айтқымыз келеді. Тізбектелген сабақтар топтамасын өту барысында «Джигсо» әдісі арқылы мәтінді бөліктерге бөле отырып, тақырыпты толық оқып, меңгерді. Бұл кезде байқағанымыз, бұрынғы сабақтарда С деңгейлі оқушылар ұзақ мәтінді оқудан тартынатын болса, жаңа тәсіл арқылы өзіне бөлінген бөлікті оқып шығып, топтық талқылауды өз ойын айтып, қорғау кезінде де белсенділік танытқаны болды.

Үшінші сабақ «Қала» тақырыбындағы С.Жиенбаевтың әңгімесі болатын. Дәстүрлі сабақта мәтінді оқып шығып, сұрақ – жауап әдісі арқылы түсінгендерін қорытындылап баға қоюшы едік,-деп ойлады. Ал бұл сабақ сәтті өткен сабақ болып оқушыларға да, бізге де ұнады. Өйткені бұл сабақ барысында оқушылар мәтіндегі мазмұнды өмірмен салыстырып ойларын ортаға сала отырып, қала туралы үйрендік деп кері байланыс берді. Бұны да менің оқуды, оқушыларды өзгертудегі жетістігім деп айта аламын.

Төртінші сабақтың тақырыбы «Отан» атты мәтін болатын. Бұл сабақта алған кері байланыстарды ескере отырып, барынша түрлендіріп өтуге тырыстық. Әрбір тапсырманы оқушылар жаналық ретінде қабылдап, қызығушылықпен орындады. А деңгейлі оқушылар өздерін көшбасшы етіп көрсете білді, В деңгейлі оқушылар өздерінің көп қырлы екендігін сезінді, С деңгейлі оқушылар ешқашан ойды іркіп, үлестен қалмау керектігін түсінді деп айта аламыз. Тізбектелген сабақтар топтамасы төрт сабақтан тұрса да оқушыларға оқуда, өзінің оқуына өзі жауапты екендігін сездіруге ықпалы тиді. Тізбектелген әр сабағымызда оқушылардың кері байланысы арқылы өзімізге тиімді жаңа әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, сиқырлы білім шексіздігін көре алдық деп айта аламыз.

Әрине, ешнәрсе қиындықсыз болмайды. Қиындықтар мен кедергілер жайлы айтар болсақ, маған алғашқы кезде уақыт жетіспеушілігі, А, В, С деңгейлерді бақылау барысында В деңгейлі оқушының сөздік қорының аздығы, С деңгейлі оқушының еркін қарым – қатынасқа түсе алмауы алғашқы кезде ойландырды. Осы қиындықтан шығудың жолын іздеп табу керек болғандықтан, оқушылардың жанында барынша ұзақтау болып, сабақтан тыс кезде де олардың әрекетін бақылап, топтық жұмыстың маңыздылығын, топ мүшелері бір – біріне көмектесуі керек екендігін және көшбасшылар өз тобына жауапты екендігін сезіндіріп отырдық. Осы бір ай тәжірибе кезінде барлық қиындықтар мен кедергілердің шешімін таптық деп

айта алмаймыз, алайда екінші бетпе – бет кезеңінде әріптестерден де көп нәрсе үйреніп, осы кедергілерді жеңу жолдары туралы көптеген пікірталастар арқылы мұндай кедергілерді жеңу жолдарын таба алдық.

### **3,4. Нәтижелер және талқылау**

Бағдарламаның негізгі мақсаты сол балаларды өздігінен білім алуға үйрету. Енді біз әр сабағымызды жаңаша құрылымдап өткізуге тырыстық. Бұған мектептегі тәжірибе кезі жақсы мүмкіндік болды. Сондай-ақ сабақ өту дәстүрімізге өзгеріс енгізгенімізді оқушылар да байқаса деп ойладық. Нені оқыту керек? Балалар қалай оқиды? Оқыту реттілігін қалай құрылымдау керек? Табысты бола білгендігіңізді қалай бағалау керек? деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасадық. Сабақтағы мұғалім басқарушы рөлінен арылып, бағыттаушы рөліне енуі үшін осы модульдермен жұмыс жасау керек деп білдік.

Сабағымда қолданылған бағалаудың екі түрі – формативті және суммативті (жиынтықты) де оң әсерін берді. Оқушыларға мадақтау көп көмегін тигізді. Оқушылардың бірін-бірі және мұғалімнің формативті бағалауы арқылы сабаққа деген ынтасы арта түсті. Дегенмен алғашқы кездегі қиындықтар, бірте-бірте кейінгі сабақтарда жеңілдей бастады. Алғашында оқушылар түсініксіздікпен, көптеген сұрақтар қойып шулағанын байқадық. Кейін сабақ барысында оқушылар қалыптасты.

Кеше Бүгін Ертең

Мен қандай едім? Мен қалай өзгердім? Мен не істей аламын?

деп ойландық.

Тәжірибе барысында үйренгеніміз: дәстүрлі сабақта баланың ойлау мүмкіндігі шектеулі болатын. Дәстүрлі сабақта оқушыларды жиынтықты бағалап, дайын тапсырма бойынша дайындайтынбыз. Тек нақты сұрақтар қойылып, нақты жауап айтатын. Ал жаңа бағдарламаның жеті модулін сабақтарға кіріктіру барысында мынандай нәтижелерге қол жеткіздік:

Бала сын тұрғысынан ойлауды үйренді.

- Оқушының сабаққа деген ынтасы артты.
- Топпен жұмыс жасауды үйренді.
- АКТ–ны пайдалану арқылы білімін жетілдіреді.
- Өзін–өзі бағалай алу арқылы қай деңгейде екенін біледі.
- Менің сабағымда не өзгерді?
- Сын тұрғысынан ойлауды үйрене отырып, оқушылар өзін–өзі реттеп, топпен жұмыс жасай білді.
- Білім берудегі және білім алудағы жаңа тәсілдерді меңгерді.
- Талантты және дарынды оқушыларды зерттеу барысында деңгейлік тапсырмалармен жұмыс жасадық.
- Оқушылардың қабілетін зерттей отырып, көшбасшылық танытқан оқушыны анықтадық.
- Оқушыларға алған білімдерін өздеріне бағалатуды үйреттік.

Сабақтар барысында әріптестер тарапынан қызығушылық танытып жаңа әдісті түсіндіруімізге тілек білдіргендер де болды. Әр сабағымызға қатысып көргеннен кейін өзіндік ой-пікірлерімен бөлісті. Олар сабақтың барысында диалогтің жақсы орын алатындығы, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына, өз бетінше ізденуіне жол ашады деп өз пікірлерін білдірді.

Мұғалім ретінде бағдарламадағы «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» модулін түсініп, қолдана білгеннің нәтижесінде балалар өздігінен жұмыс жасады. Соның нәтижесінде біз оқушының оқу үлгерімін ғана емес, түсініп оқуын бағалау керектігін де ұғындық.

Талантты немесе қабілетті үнемі айқындай отырып бастауыш мектептердің мұғалімдері өздерін «дарынды бақылаушылар» ретінде көрсетуге тиіс.

(Eyre and Lowe, 2002). (Мұғалімге арналған нұсқаулық– 68 бет).

Оқушылар берілген уақыт ішінде бір-бірімен жұптасып әңгіме өрбіту арқылы өздерінің беймәлім қырларын ашып көрсетті. Мысалы: Бекзат есімді оқушы суретшілік қабілетімен танылса, Арман рөлдік ойындарда өзінің актерлік шеберлігімен көзге түсіп жатты. Сондай-ақ, Мағжанның сөз саптауы бізге сабақтар кезінде жақсы мәлім болды. Сыныпта топтық жұмыс ұйымдастырудың да өзіндік тиімді жақтары бар екенін аңғардық. Мәселен, топтық жұмыста оқушылар әрқайсысы жекелеген пікірлерін ортаға салып талқылауды үйренді. Сонымен қатар оқушылар өз пікірінен басқа өзгенің де идеясы құнды екенін түсіну арқылы, топ мүшелері арасында өзара сыйластық орнады.

Сабақтар барысында біз зерттеуге алған оқушылар Сатан Барысхан өзінің дарындылығын көрсетіп, берілген тапсырмаларды жылдам орындады. Орташа Байжан Бекзат өздігінен ізденді, сабақта өзінің белсенділігін көрсетіп отырды. Әбжапар Әбдіқадыр берілген тапсырмаларды тиянақты орындауға, жауап беруге тырысып отырды. Үлгерімі төмен оқушыларға түрткі сұрақтарды қою арқылы диалогқа түсірдім. Модульдерді қолдана отырып сабақ өтудің оқушылар арасында кері байланыс орнатуда тиімділігін, өзара кеңес беру арқылы білім алуға мүмкіндік беретінін байқағандықтан болашақта іс-тәжірибемізде үнемі қолданамыз.

Біз енді сабақ барысында танымдық қабілетті дамытатын тапсырмалар құрастыруды қолға алдық. Себебі кейбір оқушылар сыныптағы өзге қатарласынан тапсырманы тез орындайды. Сондай жағдайда уақытты бос жібермес үшін ондай балаларға жеке тапсырмалар дайындап әкеліп отырдық. Тіпті кей кездері мұндай оқушылар өздері ынталанып үлгерімі төмен сыныптастарына көмектесіп те жатты. Өзара әрекеттесу кезінде оқушылар бір-бірін оқытуға, тыңдауға үйренді. Сұрақ қоюдың сынақтан өткізу, түрткі сұрақтар сияқты түрлерін оқушылар өздері бір-біріне немесе топ мүшелері қарсы топқа сұрақтар қойғанда белсенді қолданып отырды. Оқушылардың бір-біріне сұрақ қойып, оған жауап беруі өздеріне де ұнайтындықтарын аңғардым. Бұл маған сабақ барысында тақырыпты талдап ашуға, оқушылар өздерін еркін сезініп ойларын білдіруіне көмектесті. Сондай-ақ сабақ барысында сұрақ қою мен жауап беру әдістерін меңгерту кезінде белсенділігі төмен оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін қайта бағыттау сұрақтарын қойдық. Олар бастапқыда өз ойын айтып жауап беруге қиналды. Сондықтан жұмыс барысында мұндай оқушыларды зерттеуімізге тура келді. Оларды қайтсек те топ алдында сөйлетеміз деп мақсат қойдық. Осылайша оларға жауапкершілік жүктеп көрмек болдық. Осы кезде сыныптастарынан көмек сұрап, жан-жақты ізденетінін байқадық. Көп жағдайда оқушылардың сабаққа ынтасыз, белсенділігі төмен болатын себебі өзіне деген сенімінің аздығынан болатынын түсіндік. Бағалау кезеңінде бұрынғы сабақтарымызда мұғалім ретінде оқушы білімін өзіміз бағалаған болсақ, бұл жолғы сабақтарымызда оқушылардың өздері бір-бірін немесе өзін-өзі бағалауына мүмкіндік бердік. Сол себепті критерийлер арқылы бағалау әдісін қолдандық. Топ басшысы алдын-ала берілген бағалау парақшасына балдық жүйемен топ мүшелерінің жинаған ұпайына сәйкес бағалап шықты.

## **5. Қорытынды**

Критерийлер арқылы бағалау әділ болғандықтан оқушылар бағалауға риза болып, жақсы баға алу үшін топтық жұмыста белсенділік таныту керектігін ұғынды. Біздіңше бұдан оқушылардың білім алуға деген құлшынысы артып, қажеттілік деңгейі де өседі. Балдық жүйе әділ бағалауға, таза еңбегіне, қабілетіне қарай жинаған еңбегін бағалауға, өзін-өзі реттеуге мүмкіндіктер ашып берді. Менің мұғалімдік тәжірибемде әлі көп нәрсені үйреніп, ізденіс жасап талпынуым керек. Сындарлы оқыту теориясы бойынша тізбектелген сабақтар оқушыға тек білім негізін беріп қана қоймай, сонымен қатар заман талабына сай қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға көмектеседі. Мектептегі іс – тәжірибе кезеңі жақсы өтті, жаңа серпін алдым деп сенемін. Жеті модульді болашақтағы сабақтарымда тиімді әдіс – тәсілдер арқылы қолданатын боламыз.

Екінші бетпе – бет кезеңінде бір ғана тәсілге сан қырынан қарап, салыстырып, артығы мен кемшілігін көруге мүмкіндік туды. Сабақ жоспарын жасағанда әр оқушы үшін мақсат қойып, «осы сабақтан оқушы не алуға тиіс?» деген ой туындады. Сабақ жопарын жасағанда

бағдарламадағы жеті модульдің қайсысы тиімді, қандай әдістер арқылы кіріктіру керек екенін үйрендік. Оқушыларды жас ерекшелігіне сәйкес оқытуды, соған сәйкес сұрақтар мен тапсырмаларды дайындауды, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлануға бейімдеуді, білім беруде мұғалімнің көшбасшылық қабілеті жоғары болуы керек екендігін, талантты және дарынды оқушыларды тануға, дамытуға арналған деңгейлік тапсырмалардың маңыздылығын түсініп, жүйеледім.

Тиімді жұмыс түрлерін жүзеге асыру арқылы болашақта біз өз тәжірибемізге ғана өзгеріс енгізіп қоймай, әріптестерімізбен де әдістемелік іс–тәжірибемізді бөлісеміз деген ойдамыз. Өйткені балаларды оқытуда негізгі рөлді мұғалім атқаратындығын білеміз. Қашанда бала қызығушылығын оятып, танымын кеңейту үшін модуль түрлерін тиімді әдіс-тәсілдер арқылы қолдануды болашақта үнемі басшылыққа алатын боламыз.

**Әдебиет тізімі:**

А.Әлімов (Алматы, 2013).

Дүниетану 1 – сынып. (Алматы, «Атамұра», 2012).

Интербелсенді әдістемені ЖОО – да қолдану мәселелері оқу құралы.

Интернет жүйесі.

Мұғалімге арналған нұсқаулық.

Мектепте орындауға арналған тапсырмалар.